

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 7 желтоқсандағы N 1204 Қаулысы

"2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңына, "Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1405 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне осы қаулыға қосымшаға сәйкес сот шешімдерін орындау үшін 2005 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға көзделген резервінен 65247478 (алпыс бес миллион екі жүз қырық жеті мың төрт жүз жетпіс сегіз) теңге бөлінсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің

2005 жылғы 7 желтоқсандағы

N 1204 қаулысына қосымша

### Азаматтық істер бойынша орындалуға тиісті сот шешімдерінің тізбесі

P/c N	Сот органының атауы мен шешімнің шығарылған күні	Заңды тұлғаның атауы	Мемлекеттік баж шегерілген сома (теңге)	Мемлекеттік баж (теңге)
1	2	3	4	5
1	Шығыс Қазақстан облысы Семей қалалық сотының 2003.03.04. шешімі, Шығыс Қазақстан облыстық соты азаматтық істер жөніндегі алқасының 2003.16.07. қаулысы.	"Семей жар" ЖШС	1984797	59544
2	Астана қаласы сотының 2003.27.05. шешімі, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты азаматтық істер жөніндегі алқасының 2003.08.08. қаулысы.	"Харрикейн Құмкөл Мұнай" ААҚ		9732400
3	Астана қаласы сотының 2004.18.03. шешімі, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты азаматтық істер жөніндегі алқасының 2004.29.04. қаулысы, Астана қаласы сотының 2004.19.05. ұйғарымы.	"Қазатом-өнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы ЖАҚ		943751
	Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2004.11.03.			

4	шешімі, Алматы қалалық соты азаматтық істер жөніндегі алқасының 2004.21.04. қаулысы.	"Қазақстанның Халық Банкі" АҚ		13158727
5	Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2003.16.05. шешімі, Алматы қалалық соты азаматтық істер жөніндегі алқасының 2003.02.07. қаулысы, Алматы қалалық соты қадағалау алқасының 2004.09.03. қаулысы.	"Интергаз Орталық Азия" ЖАҚ		9563691
6	Батыс Қазақстан облысы бойынша мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттың 2005.11.05. шешімі, Батыс Қазақстан облыстық соты азаматтық істер жөніндегі алқасының 2005.09.06. қаулысы, Батыс Қазақстан облыстық соты қадағалау алқасының 2005.07.07. қаулысы, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты азаматтық істер жөніндегі алқасының 2005.18.08. қаулысы.	"Оренсал" ЖШС		29804568
	<b>Жиыны:</b>		<b>1984797</b>	<b>63262681</b>
	<b>Жалпы сомасы:</b>	<b>65247478</b>		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК